

**«АТАМЕКЕН» ӨКП ӨКІЛДЕРІМЕН ӘЛЕУМЕТТІК
СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ»
ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

**БАЯНДАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ӨНІРДЕГІ ДУАЛЬДЫ
ОҚЫТУДЫ ДАМУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ»**

Баяндамашы: «Көпсалалы индустриалды-техникалық
колледжі» директорының оқу -өндіріс жұмысы
жөніндегі орынбасары Досаев Мұрат Туреханович.

БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ:

- 1. КӨПСАЛАЛЫ ИНДУСТРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНДЕГІ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР;**
- 2. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ТАЛДАУ;**
- 3. ӨҢІРДЕГІ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУ ЖОЛДАРЫНА ҰСЫНЫС БЕРУ.**

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысына және Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2024-2025 оқу жылында колледжде 5 мамандық бойынша 413 студент дуальды оқыту жүйесімен білім алуда.

Барлық студенттермен үш жақты ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қантардағы № 93 бұйрығына 5- қосымша Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы үлгілік шартпен келісім- шарттар жасалған. Қазіргі таңда колледждің студенттер контингенті 1125, ал дуальды оқумен қамтылған 413 студент, көрсеткіш 36,7 %

Бұл көрсеткіш қаулының «Дуальды оқытумен қамтылған, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесіне» сәйкес келеді. (2023 жыл – 25 %, 2024 жыл – 28 %, 2025 жыл – 35 %, 2026 жыл – 38 %, 2027 жыл – 39,5 %, 2028 жыл – 39,5 %, 2029 жыл – 40 %)

Көпсалалалы индустриалды –техникалық колледжі МКҚК
2024-2025 оқу жылдарындағы дуалды оқыту бойынша мәлімет (мамандықтар бөлінісінде)

к/с	Мамандық атауы	9-сынып	11-сынып	жалпы
1	07150500"Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)"	73	0	73
2	07161300"Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану"	194	25	219
3	07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру		25	25
4	07321200"Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	46		46
5	10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру	25	25	50
	Барлығы:	338	75	413

► Дуальды оқытудың негізгі проблемалары, атап айтқанда:

- 1. Өңірде ірі кәсіпорындардың аз болуы, шағын кәсіпкерлік нүктелері немесе отбасылық шаруа қожалықтары; 2024 жылы ақпандағы Кентау қазақ-неміс политехникалық колледжінде ұйымдастырылған дуальды оқыту тақырыбындағы дөңгелек үстел өте жоғары деңгейде өтті. Кентау трансформатор зауыты дуальды оқытуға барлық жағдайды жасаған. 2021 жылы Қостанайдағы «Жоғары автотранспорт колледжі» Қазақстандағы ірі «Сарыарқа Автопром» автомобиль зауытымен дуальды оқыту жүйесі тиісті деңгейде ұйымдастырылған.
- 2. Экономика салаларында дуальды білім беру жүйесінде оқытудың ерекшеліктерін анықталмаған;
- 3. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы арқылы «оқыту кәсіпорны» мәртебесіне сәйкес келетін кәсіпорындар желісін анықтау бойынша мониторинг тиісті деңгейде жүргізілмеген;
- 4. Кәсіпорындар практикант- студенттердің дайындық деңгейі кәсіпорын талаптарына сай келмейді деген қағиданы ұстанып, колледж студенттерін тек қосалқы жұмыстарға ғана қатыстырады, яғни оларды кәсіпорынның болашақ жұмысшысы есебінде қарастырмайды.
- 5. Колледждің оқу үдерісіне кәсіпорындағы жұмыс түрлері әрқашан сәйкес келе бермейді теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтық жоғары;
- 6. Дуальды білім беру жүйесінде қанша кәсіпорындармен келісімшарттар жасалғаны, қанша студент тартылғаны туралы оң статистикалардың болуы атқарушы орындарды қызықтырады;
- 7. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығымен бекітілген «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары» тек техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне ғана арналғандай, ал кәсіпорындар салық кодексі, кәсіпкерлікті ұйымдастыру сияқты ережелермен жұмыс жасайды. Осы қағидадағы тараптардың талаптарды орындалуын «ия» немесе «жоқ» жауаптармен талдаймын.

21. Оқу орны:

- 1) оқу процесіне қажетті жағдайлар туғызады; **ия**
- 2) кәсіпорынмен (ұйыммен) дуальды оқыту бойынша оқу жұмыс жоспарларын және оқу жұмыс бағдарламаларды келіседі; **ия**
- 3) кәсіпорынның (ұйымның) талаптарын ескере отырып, дуальды оқыту бойынша білім беру бағдарламаларын іске асырады;
жоқ
- 4) кәсіпорында (ұйымда) білім алушылардың өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өтуіне бақылау жүргізеді; **ия**
- 5) оқу орнында аралық және қорытынды аттестаттауды өткізеді және біліктілік емтиханына қатысады; **ия**
- 6) кәсіпорынмен (ұйыммен) келісім бойынша педагогтерді тағылымдамадан өтуге жібереді; **ия**
- 7) дуальды оқыту бойынша білім алған және өз біліктілігін растаған түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетеді; **ия**
- 8) дуальды оқыту туралы үш жақты шарттар жасасады; **ия**
- 9) білім алушының бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдерді меңгеру қорытындылары және (немесе) аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша кәсіптік даярлау туралы куәлік береді; **ия**
- 10) кәсіпорын (ұйым) базасында білім алушының өндірістік оқуын және кәсіптік практикасын ұйымдастыру кестесін бекітеді;
ия
- 11) кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын практика жетекшісін немесе өндірістік оқыту шеберін тағайындайды; **ия**
- 12) оқу процесінің кестесіне сәйкес кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламаларын орындау бойынша тәлімгер қол қойған білім алушының есебін қабылдайды. **ия**

- ▶ 1) Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес кәсіптік практикадан, сондай-ақ өндірістік оқытудан өту үшін орындар ұсынады, қауіпсіз жағдайлар жасайды және шарттарда көзделген міндеттерді орындайды; **ішінара**
- ▶ 2) оқу орнын жақсарту бойынша ұсынымдарды енгізу мақсатында оқу орнының материалдық-техникалық базасымен танысады; **жоқ**
- ▶ 3) оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайтуға жәрдемдеседі; **жоқ**
- ▶ 4) дуальды оқыту бойынша кәсіпорында (ұйымда) оқу, жұмыс орындары туралы өңірлік кәсіпкерлер палатасына өтінімдер береді; **жоқ**
- ▶ 5) оқу орындарының оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге қатысады; **ішінара**
- ▶ 6) білім беру бағдарламаларына сәйкес кәсіпорында (ұйымда) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізуді ұйымдастыруды келісімге сәйкес қамтамасыз етеді; **жоқ**
- ▶ 7) білім алушыны кәсіпорынның (ұйымның) нұсқаулықтарына, оқу үшін қажетті құралдарға сәйкес жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз етеді; **ия**
- ▶ 8) техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жабдықталған оқушы, жұмыс орындарын ұсынады; **жоқ**
- ▶ 9) дуальды оқыту туралы шарт негізінде кәсіпорын (ұйым) өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді береді; **ия**
- ▶ 10) аталған саланы реттейтін жұмыс шарттарымен, нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарымен таныстырады; **ия**
- ▶ 11) еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі бойынша заңнамада және кәсіпорында (ұйымда) жергілікті құжаттар да көзделген барлық нұсқамалықтардың түрлерін жүргізеді; **ия**
- ▶ 12) білім алушының аралық және қорытынды аттестаттауына қатысады; **ия**
- ▶ 13) өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 119-бабына және дуальды оқыту туралы шарттың талаптарына сәйкес білім алушыға орындалған белгілі бір функционалдық міндеттері үшін өтемақы төлемін жүргізе алады; **ішінара**
- ▶ 14) дуальды оқыту бойынша білім алған және өз біліктілігін растаған бітірушілерді бос орындар болған жағдайда жұмыс орындарымен қамтамасыз етуді қарастырады; **ішінара**
- ▶ 15) дуальды оқыту бойынша оқуға ниет білдірген талапкерлермен әңгімелесу жүргізеді; **жоқ**
- ▶ 16) дуальды оқыту туралы үш жақты шарттар жасасады; **ия**
- ▶ 17) дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес білім алушының кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтуді растайды. **ия**

22. Кәсіпорын (ұйым):

25. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы:

- ▶ 1) дуальды оқытуға қатысуға бойынша, кәсіпорында (ұйымдарда) оқу, жұмыс орындарын ұсынуға ниет білдірген кәсіпорындар (ұйымдар) тараптарынан өтінімдер қабылдайды; **ЖОҚ**
- ▶ 2) кәсіпорындардың (ұйымдардың) өтініштері бойынша оқу орындарын оқушы, жұмыс орындарын құруға жәрдемдеседі; **ЖОҚ**
- ▶ 3) дуальды оқыту туралы үшжақты шарт жасауға жәрдем көрсетеді; **ЖОҚ**
- ▶ 4) дуальды оқыту туралы үшжақты шарттарды тіркейді және тізілімін жүргізеді; **ИЯ**
- ▶ 5) дуальды оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша консультативтік көмек көрсетеді; **ИЯ**
- ▶ 6) кәсіпорындарда (ұйымдарда) тәлімгерлерді бекітудің мониторингін қамтамасыз ету және тәлімгеорганрлерді оқытуға жәрдем көрсетеді; **ИЯ**
- ▶ 7) дуальды оқытуды оқыған бітірушілерге біліктілікті тағайындау мен біліктілікті беруді өткізуге жәрдемдеседі; **ЖОҚ**
- ▶ 8) біліктілік емтиханын ұйымдастыруда кәсіпорындар өкілдерінің және жұмыс берушілер қауымдастығы қатарынан қалыптастырылатын кандидатураларды біліктілік комиссиясының төрағасы мен құрамын келісуді қамтамасыз етеді; **ЖОҚ**
- ▶ 9) дуальды оқыту саласындағы өзге де өкілеттікті жүзеге асырады; **ИЯ**
- ▶ 10) дуальды оқыту жүйесі бойынша мамандарды даярлау жөнінде мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруға қатысады; **ЖОҚ**

► **Өңірдегі дуальды оқытудың проблемаларын шешу жолдарына ұсыныстар:**

- 1. Өңірдегі экономика салаларында дуальды білім беру жүйесінде оқытудың ерекшеліктерін анықтап, «оқыту кәсіпорны» мәртебесіне сәйкес келетін кәсіпорындар желісі бойынша мониторингті тиісті деңгейде жүргізу;
- 2. Кәсіпкерлер палатасы, колледж және кәсіпорын дуальды оқыту жүйесі бойынша мамандарды даярлау жөнінде мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруды ұйымдастыру және жергілікті атқарушы органдарға ұсыныс беру.
- 3. Колледждердегі оқу үдерісі кәсіпорындағы жұмыс түрлеріне барынша сәйкестендіріп, теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты төмендету немесе дуальды оқытуға арналған үлгілік оқу бағдарламасының моделін жасау;
- 4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығымен бекітілген «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын» техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері, кәсіпорындар және атқарушы органдардың жауапкершілігі тең дәрежеде қаралатындай Заңамаларға өзгерістер ендіруді ұсыну.